

2011 жылы Көкшетау қаласында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № А-2/283 қаулысы. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 наурызда № 1-1-139 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы А-1/207 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 31.01.2014 А-1/207 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 20 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы негізінде, сонымен қатар жұмыссыз азаматтардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында Көкшетау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2011 жылы Көкшетау қаласында қоғамдық жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қажеттіліктеріне сәйкес Көкшетау қаласы ұйымдарының қоса беріліп отырған тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайы, еңбек ақысының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.
3. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 28 бабына сәйкес еңбек шартын жасау ұсынылсын.
4. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмыссыз адамдарды қоғамдық жұмыстарға тіркелген күніне сәйкес, кезек тәртібімен ұйымдардың өтінімі бойынша жұмыссыздардың белгіленген санының және бұл мақсатқа бөлінген қаражат шегінде жіберсін.
5. Көкшетау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № А-12/2493 «2010 жылы Көкшетау қаласында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылғы 14 қаңтарда № 1-1-117 болып тіркелген, 2010 жылғы 21

қаңтарда № 3 «Көкшетау» және № 2 «Степной маяк» газеттерінде жарияланған, Көкшетау қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 ақпандағы № А-2/297 «Көкшетау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № А-12/2493 «2010 жылы Көкшетау қаласындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылғы 26 ақпандағы № 1-1-118 болып тіркелген, 2010 жылғы 4 наурыздағы № 8 «Степной маяк» және № 9 «Көкшетау» газеттерінде жарияланған өзгерістер енгізілген қаулысымен) қаулысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Е.Мысырәлімоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М.Батырханов

КЕЛІСІЛДІ

« К ө к ш е т а у қ а л а с ы

Әділет басқармасының бастығы

Ж.М.Қалабаев

« К ө к ш е т а у қ а л а с ы н ы ң

і ш к і і с т е р б а с қ а р м а с ы н ы ң

к ө ш і - қ о н п о л и ц и я с ы

бөлімінің бастығы

Т.К.Асылбеков

К ө к ш е т а у қ а л а с ы н ы ң

прокуроры

Е.Е.Бөлегенов

« К ө к ш е т а у қ а л а с ы н д а ғы

Қорғаныс істер жөніндегі басқармасы»

мемлекеттік мекемесі бастығы

С.К.Балғожин

К ө к ш е т а у

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 6

а қ п а н д а ғы

№ А-2/283 қаулысына қосымша

Көкшетау қаласының ұйымдары, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайы, еңбек ақысының мөлшері және оларды қаржыландыру көздерінің тізбесі

№	Ұйымдар	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Жұмыстардың көлемі	Жұмыстардың нақты жағдайы	Еңбек ақы мөлшері	Қаржыландыру көзі
	Көкшетау қаласының					

1	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жанындағы «Көкше Жәрдем» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Гүлзарларды, скверлерді, ықшам аудандардың орталық көшелерін күн сайын тазалау, ағаштарды қию, өндірістік үй-жайды жинау	7000000 шаршы метр	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
2	Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жанындағы «Тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Контейнерлерді және оның айналасындағы аумақты күнделікті ұстау	1866 контейнер 396000 шаршы метр	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
3	Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Қалалық ақпараттық кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі	Айналасындағы аумақты ағымдағы ұстау, кітап қорын қалпына келтіру, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету.	18480 шаршы метр, 3127 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
					«2011 - 2013 жылдарға арналған	

4	«Көкшетау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және тәртіпке келтіру. Кіріс және шығыс құжаттарды енгізу және тіркеу.	66000 құжат	Еңбек шарты	республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
5	«Көкшетау қаласының Красный Яр селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Әлеуметтік карталарды ресімдеуге, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	40200 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
6	«Көкшетау қаласының Станционный поселкесі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Шаруашылық есеп және құжаттарды өңдеу, поселок аумағын жайластыру, санитарлық тазалау, көгалдандыру	8900 құжат, 20000 шаршы метр	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
7	Көкшетау қаласының ішкі істер басқармасының көші-қон полициясы бөлімі	Құжаттарды өңдеу, кіріс және шығыс құжаттарды енгізу және тіркеу	100500 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет

8	Көкшетау қаласының әділет басқармасы	Құжаттарды өңдеуге көмек жасау және тәртіпке келтіру, құжаттарды тіркеу және тігу	6150 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
9	«Көкшетау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеуге көмек жасау және тәртіпке келтіру, құжаттарды тіркеу және тігу	55400 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
10	«Көкшетау қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеуге көмек жасау және тәртіпке келтіру, құжаттарды тіркеу және тігу	15600 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
11	«Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеуге көмек жасау және тәртіпке келтіру, құжаттарды тіркеу және тігу	50100 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
					«2011 - 2013 жылдарға	

12	«Көкшетау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ғимараттарды жөндеу жұмыстары, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	184800 шаршы метр, 79200 құжат	Еңбек шарты	арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
13	«Көкше» мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	Үй-жайды тазалау, айналасындағы аумақты ағымдағы ұстау, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету.	739200 шаршы метр, 2005 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
14	Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Достар» мәдениет сарайы мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	Үй-жайды тазалау, айналасындағы аумақты ағымдағы ұстау, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету.	1000010 шаршы метр, 8300 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
15	Көкшетау қалалық әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Үй-жайды тазалау, жылу трассасының айналасындағы аумақты тазалау.	489028 шаршы метр	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
16	Көкшетау қалалық прокуратурасы	Құжаттарды өңдеуге көмек көрсету және тәртіпке келтіру	12700 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген	

					жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
17	Көкшетау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы	Құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	17000 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет
18	«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	11500 құжат	Еңбек шарты	«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері	Қалалық бюджет